

тыйым салу жағдайында, өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті жоғалтпай, бейімделудің жолын табуға мүмкіндік берді. Осы күрделі мәселелердің сәтті іске асуы толығымен түлектерде жұмсақ дағдыларды дамытумен белгіленген. Әлемдік тәжірибе аясында Soft Skills әртүрлі шетелдік басылымдарда айқын көрсетілген. Бұл жұмыста авторлар Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында «Педагогика және психология» бакалавриатының ағымдағы білім беру бағдарламасына қысқаша аналитикалық шолу жасаған. Мақалада педагогикалық университет жағдайында жұмсақ дағдыларды қалыптастыру ерекшеліктері көрсетілген. Оқу процесінің мүмкіндіктері және Soft Skills (жұмсақ дағдыларды) тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған.

Түйін сөздер: Soft Skills; икемді дағдылар; Hard Skills; «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы; студенттер.

Проблема формирования «Soft Skills» у обучающихся образовательной программы «Педагогика и психология»

Г.К. Айжанова¹, А.М. Алимкул¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования гибких или мягких компетенций в процессе освоения дисциплин образовательной программы «Педагогика и психология». Lock down 2020 года наглядно продемонстрировал необходимость развития и формирования мягких навыков у обучающихся, которые дают возможность найти способ адаптироваться в условиях запрета на ту или иную деятельность, при этом, не теряя продуктивность и конкурентоспособность. Успешность реализации этих сложных задач практически полностью определяется развитостью Soft Skills компетенций у выпускников. Soft Skills в контексте мирового опыта хорошо представлен в различных зарубежных изданиях. В этой работе авторы сделали краткий аналитический обзор действующей образовательной программы бакалавриата «Педагогика и психология» на базе Казахского национального университета имени Абая. В статье показаны особенности формирования мягких навыков в условиях педагогического вуза. Выявлены возможности учебного процесса и педагогические условия эффективного формирования Soft Skills (мягкие навыки).

Ключевые слова: Soft Skills; гибкие навыки; Hard Skills; образовательная программа «Педагогика и психология»; обучающиеся.

Received: 02.04.2022

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.12>

А.М. БЕЙСЕНБАЕВА¹, А. ЖҰМААДАН¹

*¹Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан),
luna_0171@mail.ru*

Z ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақала цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің педагогикалық үрдісте атқаратын рөлін анықтап, заманауи баланы тәрбиелеу мен оқытудың әдістерін жаңарту жолдарын қарастыруға арналған, Z ұрпағының өкілдеріне салыстырмалы мінездеме берілген. Z ұрпағының өзіндік ерекшеліктерін еске

ре отырып оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «Tik Tok» әлеуметтік желісінің мүмкіндіктері және артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген. Бастауыш мектептің оқушыларына, ата-ана және мұғалімдерге арнап сауалнама құрастырылған. Жүргізілген сауалнама нәтижелері талданып, оқу-тәрбие процесінде «Tik Tok» желісінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдары ұсынылған және цифрлық құрылғылар мен әлеуметтік желілердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы сараптама кестесі жасалған. Z ұрпақты тәрбиелеуде ата-аналарға көмек болатын әдебиеттерге сілтеме жасалған. Авторлар сандық құзыреттер мен ақпараттық мәдениетке қатысты мазмұнды қорытынды жасауға әрекет жасаған.

Түйін сөздер: Z ұрпақ; ұрпақ ерекшелігі; әлеуметтік желі; «Tik Tok» әлеуметтік желісі; әлеуметтік желінің мүмкіндіктері; цифрлық технология.

Кіріспе. XXI ғасырдың жаңа жас буыны өкілдерін тәрбиелеудегі кездесетін қиыншылықтар мен заман талабындағы техника мен әлеуметтік желінің бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін анықтап, заманауи бала тәрбиелеу мен оқытудың әдістерін жаңарту – қоғам үшін басты мәселе болып отыр. Заман ағымына қарай адам да, оның тәрбиесі де білімі мен өмір сүру деңгейі мен қажеттіліктері толықтай болмаса да, біршама өзгеріске ұшырайды. Дәстүрлі білім беру жүйесі ұсына алмайтын білім беру қызметтеріне мұқтаж адамдардың контингенті жылдан жылға өсуіне байланысты қажетті ақпаратты жедел алуға және интернет пен заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқуға мүмкіндік беретін қашықтықтан ашық білім алудың жаңа электрондық нысандары пайда бола бастады.

Ақпараттық қоғамда цифрлық экономикаға барабар жеке тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі – бұл жеке тұлғаның сандық білімі, яғни цифрлық технологияларды еркін меңгеруі, оларды күнделікті өмірде қолдана білуі. XXI ғасырдың цифрлық дағдылары мен құзыреттері бастауыш мектептен бастап бүкіл білім беру қызметі барысында қалыптасуы керек. Сандық білім беру технологиясына көше отырып, ұстаздар бүгінгі таңда бұл бағытта не бар және тағы не істеу керек? деген сұрақтың жауабын іздестіруде.

Қазіргі білім беру процесін ұйымдастыра отырып, оқушылардың тұлғалы мінезіндегі өзгерістерді ұмытпау керек, себебі «жастар қазір мүлдем басқаша» деген пікірді мұғалімдерден жиі естуге болады. Неліктен

бұл жастар басқаша және бұл ұрпақтың өзгелерден ерекшелігі қандай? Оларға не және қалай әсер етеді? Техника және әлеуметтік желілерді оқу процесінде тиімді пайлануға бола ма? деген сұрақтарға жауап сұранады.

Осы мәселелердің педагогикалық аспектісін айқындай отырып, ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі оқытушылар мен білім алушылардың тиімді өзара іс-әрекет жасаудың бірден-бір шарты – ол жас ұрпаққа тән белгілерін білу және оларды оқу-тәрбие процесінде ескеру.

Негізгі бөлім. Ұрпақ дегеніміз – белгілі бір жылдар кезеңінде туылған, бірдей оқиғалар мен тәрбие ерекшеліктерінің әсерін бастан өткерген, ұқсас құндылықтары бар адамдар тобы. Көбіне сол құндылықтар белгілі ұрпақтың қарым-қатынас жасау, мәселелерді шешу, даму, ынталану, мақсат қою және өз өмірін басқару тәрізді мінез-құлқын анықтайды [1].

Негізінен әр заман ұрпақтары жалпылама GI, X, Y, Z сияқты латын әріптерімен белгіленіп отырады. Соған сәйкес, қазіргі заман ұрпақтары Z ұрпағы деген атауды иеленді.

Z ұрпағының өкілдері кім? 2000-шы жылдары туылған интернет қоғамының балалары. Оған Миллениум (Y) ұрпағының әлі де болса ықпалына қарамастан, Z ұрпағының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл балалар ата-аналарына қарағанда техникалық жаңалықтарды тезірек және сәтті игереді, компьютерлер мен заманауи гаджеттерді еркін меңгеріп, әлеуметтік желілерде оңай байланысады, ақпаратты бірден қабылдап,

нәтижесін көрсетеді және өте алғыр болып келеді. Алдыңғы ұрпақтар «жаңа технологиялар» немесе «болашақтың технологиялары» деп атаған нәрселер Z ұрпағы үшін тансық емес.

Z ұрпағы – бұл шын мәнінде бірінші цифрлық буын. Z ұрпағының өкілдері планшеттер, iPadты белсенді қолданады, VR және 3D олар үшін шындық. Көбінесе «Z ұрпағы» термині «цифрлық адам» терминінің синонимі ретінде қарастырылады. Кейбір дереккөздерде оларды «цифрлық ортаның аборигендері» (digitalnatives) деп те атайды [2, С.8]. Цифрлық технологиялардың дамуы оларды цифрлық ортада өскен ұрпаққа айналдырды, яғни олар барлық ақпаратты желіден алады. Олар күні - бойы желіде отыра алады: онлайн ойындар ойнау, бір-бірімен ICQ немесе Skype арқылы сөйлесу, жеке өмірі туралы блогтарда айту, бағдарламалар мен фильмдер көру. Олар жеке кездесулерге қарағанда виртуалды ортада сөйлескенді жөн көреді. Z ұрпағы мүлдем басқа санаттарда ойлайды. Олар үшін қағаз тасымалдағыштағы кітаптарды оқығаннан гөрі, ғаламтор желісінен қажетті ақпаратты, өздік білім алған әлдеқайда дұрыс.

Қазір оқу орындарында Z ұрпағы білім алуда, бұл өз кезегінде оқыту әдістері мен білім беру мазмұнын өзгертуді талап етеді. Қазіргі заманғы оқытушы білім беру мазмұнын үнемі жаңарту және оқыту процесіне цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім алушылардың өздерін осы процеске тарту мәселесін шеше отырып, оқушылармен өзара іс-қимылдың жаңа деңгейіне шығуы қажет. Осыған байланысты білім алушыларға ақпаратты ұсыну формалары, білім беру әдістерін таңдау, сонымен қатар оқу процесінде мұғалімнің рөлі өзгереді.

Z ұрпағы қалай білім алатының түсіну үшін соңғы жылдардағы білім беру тенденцияларын қараған жөн. Негізінен жаңа

цифрлық технологиялардың артықшылықтарын пайдаланатын жаңашыл оқытушылар қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістерінен қазіргі заманғы білім беру жүйесіне көшті. Мұғалімдер бұл ретте Z ұрпағын оқыту және тәрбиелеу барысында цифрлық медианы пайдалана бастады [3]. Себебі, дәл осы сандық жүйені қолдану арқылы ғана мұғалімдер оқушыны қызықтыра алады, оның сабаққа деген зейіні тұрақтандырылып, тақырыпты меңгеруіне жол ашылады. Цифрлық технология, яғни, мультимедиялық технологияларды сабақта қолдану арқылы, мұғалім оқушылар бойында визуалды, есту, когнитивтік және мінез-құлық әрекеттерін дамытады. Ал бұл оқушылардың әрі қарайғы жұмысының, сонымен қатар, олардың танымдық деңгейін сана деңгейіне де, бейсана деңгейіне де белсенді болуына жағдай жасайды [4]. Әрине, қазір балалар үшін таптырмайтын әдіс-бұл заманауи оқыту технологиялары мен заманауи техникалық оқыту құралдарын қолдана отырып жүргізілетін әдіс. Осы бір сикырлы құрылғылардың арқасында оқушылар жан-жаққа қарап алаңдамай, бар назарын экранға аударады.

Заманауи техниканың қазіргі таңда түрлері өте көп, соның ішінде балалар көп қолданатын құрылғы түрі: смартфон, компьютер, ноутбук, планшет және теледидар. Смартфон – ұялы телефонның сөйлесу мүмкіндіктерін және интернетке шығу, файлдармен жұмыс және поштамен жұмыс тәрізді іс-әрекет мүмкіндіктерімен біріктірілген гибрид болып табылады. Ал, телефоннан айырмашылығы оның амалдық жүйесінің болуы [5].

Қазіргі балалардың бұл құрылғыларға неге сонша әуесқой екенінің бірден-бір жауабы – ойын, интернет және әлеуметтік желі. Бұлардың әрқайсысының яғни, ойын, әлеуметтік желі тағы сол сияқты смартфон мүмкіндіктерінің өзіндік артықшылықтары мен кемшілік тұстары бар (кесте 1).

**Цифрлық құрылғылар мен әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері,
артықшылықтары мен кемшіліктері**

Әлеуметтік желілердің жағымды жақтары	Әлеуметтік желілердің жағымсыз жақтары	Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері	Әлеуметтік желілердің қатерлері
<ul style="list-style-type: none"> – компьютерлік сауаттылықтың жоғарлауы; – хат алмасу жылдамдығы артады; – билік органдары блогтарымен кері және өзара байланыс орнатуға жол ашылады; – іздестіру жүйесін тиімді пайдалану; – компьютер, ұялы телефон арқылы желіге ену. 	<ul style="list-style-type: none"> – уақыттың тиімсіз жұмсалуды; – ақпараттың жалған және шын екенін айыра алмау; – кез-келген ақпараттың ұсынылуы; – қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану; – толықтай электронды бағыныштылық. 	<ul style="list-style-type: none"> – ақпарат алмасуда сурет, бейне, микроблогтар, ортақ чат т.б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану; – жеке профиль құру; – ортақ қызығушылығы бар виртуалды дос таба алу; – ескі достарды таба алу; – қажетті ақпаратты өз уақытында алу. 	<ul style="list-style-type: none"> – ақпаратты кез-келген адам оңай тауып, қажеттілігіне кедергісіз пайдалану; – әлеуметтік желілерге тәуелді болу; – виртуалды тілдесуге байланысты сөйлеу, ақпараттың жылдам алынуы және жеке ізденістің жоқтығына байланысты ойлау қабілетінің кемуі; – дүниетанымның төмендеуі; – компьютерлік тролльдер қақпанына түсу.

Зерттеу әдістері. Әлеуметтік желі – жеке ақпаратпен алмасуға, әлеуметтік байланыс орнатуға арналған платформа [6]. Қазіргі таңда жасөспірімдердің пайдаланатын әлеуметтік желілер туралы мағлұмат алу үшін олардың смартфонды күніне неше сағат қолданатыны, қандай желіде көп отыратыны, әлеуметтік желіден нені үйренетіні жайлы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті педагогикалық факультетінің БОПмӘ-15с тобы студенттері өз ойларымен бөлісті Пікір-талас нәтижесінде жасөспірімдердің смартфонды күніне 2-3 сағаттан артық пайдаланатыны, «Tik Tok» желісінде көп отыратыны және соның салдарынан үй жұмысын орындауға уақыт жетпей қалатыны немесе ол туралы мүлдем ұмытып кететіндері белгілі болды.

Tik-Tok - ол қысқа музыкалық бейнелерді, тікелей эфирді жасауға және түрлі хабарлармен алмасуға мүмкіндік беретін [7], қазіргі таңда барлық елдерде танымал, ең

жылдам дамып келе жатқан және ең көп жүктелген әлеуметтік желілердің бірі [8]. Tik Tok арқылы 15-тен 60 секундқа дейінгі музыкалық бейнебаян жасап, өзгелермен бөлісуге болады, сондай – ақ: кез-келген қолданушының бейнебаяндамасымен дуэт жасауға; бейнебаянды фильтр және эффект беру арқылы өңдеуге; музыка қосуға, дыбыстық эффект беруге; бейнебаянның фондағы музыкасын баяулатуға және тездетуге; бейнебаянды жүктеуге; бейнебаянды басқа әлеуметтік желілерде бөлісуге болады [9].

«Tik Tok» әлеуметтік желісіне оқушылардың қатысын білу мақсатында оқу тәжірибесі кезінде 4 сыныптың 26 оқушысына сауалнама жүргізілді. Ұсынылған сұрақтар төмендегідей болды:

1. «Tik Tok» әлеуметтік желісін білесіз бе?
2. «Tik Tok» әлеуметтік желіні қолданасыз ба?
3. «Tik Tok» әлеуметтік желісін қалай пайдаланасыз?

4. «Тik Tok» үшін бейнелерді қаншалықты жиі түсіресіз?

5. Сүйікті тиктокерлеріңіз бар ма?

6. Сізге ұсыныстарда не жиі кездеседі?

7. «Челлендж» деген не екенін білесіз бе?

8. «Тik Tok» желісі сіз үшін қауіпті деп ойлайсыз ба?

9. «Тik Tok» танымалдылығы неге байланысты деп ойлайсыз?

10. «Тik Tok» желісінің сізге тигізген қандай пайдасын айта аласыз?

11. Сіз үшін «Тik Tok»...?

Сауалнамадағы барлық сұрақ жауаптарына сараптама жасалып қорытындыланды. Сауалнама нәтижесінде барлық балалардың «Тik Tok» әлеуметтік желісі туралы білетіндігі және олардың көпшілігі оны қолданатыны анықталды. Сонымен қатар оқушылар Тik Tok желісінің зиянды және қауіпті жақтары бар екендігінен хабардар. Кейбір оқушылар Тik Tok желісін тек бейнелерді көру үшін пайдаланады, біреулері бұл желіде «челленджер» іздейді, өздері бейнебаян түсіріп, Тik Tok-қа жүктейтіндер де бар болып шықты. Көптеген оқушылар үшін Тik Tok - бұл ойын-сауық, сәнді құбылыс, өзін-өзі көрсету құралы, бірақ кейбіреулер үшін бұл тәуелділік деп айтты және олар мұны өздері де мойындайды.

«Тik Tok» желісіне ата-анаңның көз қарасын анықтау мақсатында төмендегідей сұрақтарды қамтыған сауалнама ата-анаға жіберілді:

1. Балаңыздың «Тik Tok» желісін пайдалануға көз қарасыңыз?

2. Сіздің балаңыз «Тik Tok» желісіне тіркелген бе?

3. Балаңыз қанша уақыттан бері «Тik Tok» желісін қолданады?

4. Балаңыздың «Тik Tok» желісіне салған материалдарын қарайсыз ба?

5. «Тik Tok» балаға зиян ба? әлде пайдасы барма?

6. Баланыз «Тik Tok»-ты пайдаланғалы бері оның бойынан қандай өзгешеліктер байқап жүрсіз ?

7. Баланыздың сабақ үлгеріміне «Тik Tok» қалай әсер етіп жатыр ?

Сауалнаманың нәтижесі бойынша 60% ата-ана «Тik Tok» желісін қолдайды, ал 35%

қолдамайды қалған 5% ата-ана «Тik Tok» желісіне ойлары бейтарап. «Тik Tok» желісін пайдаланатын оқушылардың көптеген бөлігі 1-2 жылдан бері қолданып келетіні жайлы ата-анасы мәлімет берді. Көптеген ата-ана баласының «Тik Tok» желісіне салған материалдарын қарайды. «Тik Tok» желісін ата-аналардың 50% -ы пайдалы деп ойлайды, қалған 35% - зиян, 5% - аралас ойда. Сынып оқушыларының ата-аналары берген жауаптарында, «Тik Tok» желісін пайдаланатын бала ашылып, әр түрлі қолынан келетін заттарды жасап ширап жүр деп көрсеткен және де Тik Tok желісі баланың оқу үлгерімін мейлінше жоғарылатып, ынтасын ашқан, Тik Tok желісінің әсері оң деген пікір айтады.

Тik Tok әлеуметтік желісі туралы мұғалімдердің ойын білу мақсатында да сауалнама жүргілді. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар болды.

1. «Тik Tok» әлеуметтік желісін қолданасыз ба?

2. «Тik Tok» әлеуметтік желісін сіздің оқушыларыңыз қолданады ма?

3. Оқушыларыңыз «Тik Tok» әлеуметтік желісінде қандай мағлұматтарды алатынын бақылап көрдіңіз бе?

4. Оқушыларыңызбен «Тik Tok» әлеуметтік желісі туралы әңгіме құрдыңыз ба?

5. Олардың «Тik Tok» әлеуметтік желісі туралы ойлары қандай?

6. «Тik Tok» әлеуметтік желісінің қандай пайдасы мен зияның көрсете аласыз

7. «Тik Tok» әлеуметтік желісін оқу-тәрбие процесінде қалай тиімді пайдалануға болады?

8. «Тik Tok» әлеуметтік желісі сіз үшін... .

«Тik Tok» әлеуметтік желісіне сауалнама сұрақтарына жауап берген мұғалімдердің 40% оң көзқарас, 35% теріс көзқарас, 25% бейтарап көзқарас нәтиже берді. Мұғалімдердің 45% «Тik Tok» әлеуметтік желісі туралы оқушылармен әңгіме жүргізген. Сонымен қатар, мұғалімдердің 67% «Тik Tok» әлеуметтік желісін оқу-тәрбие процесінде қалай тиімді пайдалануға болатынына көңіл бөліп, өз ойларымен бөлісті.

Нәтижелері. Сауалнамаларды талдай келе «Тik Tok» желісі оқушының жаңа, ерекше

мәліметтер алуына, шығармашылық дамуына, қауым алдында сөйлеу өнері дағдысының қалыптасуына, дикциясының жақсаруына, топтық іс-әрекеттерде отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына, бейнебаянды қайталап көруге, қателіктермен жұмыс жасауға, қызығушылықтары ортақ жаңа достар табуға, мінез-құлықтың ашылуына пайдалы, сонымен қатар қауіпті челленджерді қайталау барысында апатты жағдайларға ұшырау, уақытты тиімсіз пайдалану, материалдық жағдайдалын өзгелермен салыстыру тәрізді зиянды жақтары да бар деп қорытындылауға болады.

Байқағандай, «Tik Tok» желісінің тиімді жақтары басым, себебі, осы әлеуметтік желі арқылы көптеген құнды мәліметтермен танысу мүмкіндігі бар. Ал желінің зиянды жағын пайдаға айналдыру керек, яғни:

– ата-ана баламен жиі әңгімелесіп, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін нақты түсіндіріп отыру керек. Сол арқылы дұрыс жолды тандап, «Tik Tok»-тың зиянды жағына көңіл аудармау;

– әрбір оқушыны ата-ана мен мұғалім қадағалай отырып, олардың «Tik Tok» желісінен көрген бейнематериалдарына сараптама және рефлексия жасап отыру - ең маңызды аспект;

– «Tik Tok» желісі - шығармашылықты дамыту алаңы екенін естен шығармаған абзал.

Титоктың негізгі аудиториясы жасөспірімдер мен жастар және олардың көбісінің бос уақыты «Tik Tok» желісінде бейнебаян түсірумен және бейнебаян көрумен өтетінің ескеріліп, ұстаздарға оқу-тәрбие процесін сол желімен байланыстыру керек екені түсінікті болды. Эксперимент ретінде сабақты төмендегі нұсқаулық арқылы өткізуді ұсынуға болады.

1. Ең алдымен оқушылардың барлығы көре алатындай, жалпыға ортақ аккаунт ашып алу қажет.

2. Түсінікті болу үшін, «Зат есім» тақырыбын жаңа сабақ және қайталау сабағы ретінде қалай өткізуге болатыны туралы бейнежазба дайындау.

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру. «Tik Tok»-тың ең негізгі фишкасы – бейнежазбаның ұзақ болмауы. Мұғалім бұл желіде 3 минутқа

дейін бейнежазба жариялай алады. Өтетін тақырыпты толықтай 3 минутқа сыйғызып, тіпті, мысалда келтіріп кетуге бұл уақыт жеткілікті. Сабақты қысқаша түсіндірген соң, мұғалім, қосымша фильтр, эффектті қолдана отырып, оқушыларға жазбаша не ауызша тапсырма дайындайды, мысалы, зат есім деген не? зат есімге мысал келтір т.б..

4. Қайталау сабағы. Оқушылар мұғалім қойған сұраққа, не тапсырмаға жауап беріп бейне жазба түсіреді де оны «Tik Tok» желісіндегі ортақ аккаунтқа жүктейді. Видеоны топтаса не жеке-жеке эстафета арқылы түсіріп жариялауға да болады.

Талқылау. Негізінен «Tik Tok»-ты оқу процесінде қолдану қазіргі таңда Америкада жақсы қарқын алуда. Мысалы, Мэриленд штатындағы Гейтерсбергтің бір тарих пәні мұғалімі студенттерге 1820 жылғы Миссури компромиссі туралы білгендерін көрсету үшін эссе орнына бейнелер жасап «Tik Tok»-ка жүктеуге рұқсат берді. Калифорниядағы тағы бір мұғалім «Tik Tok»-ты тарихи салыстырмалар жасау үшін пайдаланды [10].

Алынған сауалнама жауаптарында кездесетін теріс пікірлерге қарамастан, болашақ бастауыш мұғалімі ретінде БОПМӘ-15с тобының студенттерінің бұл желіге деген көзқарастары оң. Себебі, мұғалім әртүрлі желілердің зиянды жақтарынан да пайда көре алатын, оқушылардың түрлі дағдыларын дамытуда шығармашылықпен іске асыра алу мүмкіндігі бар тұлға екеніне сенімді. Мысалы, ғаламдық коронавирустық пандемия миллиондаған адамдардың күнделікті өмірі мен іс-әрекетіне қатты әсерін тигізіп, сонымен қатар білім беру саласына да айтарлықтай өзгерістер әкелді, білім беру процесі онлайн форматта жүргізілді. Осыған байланысты мұғалімдердің оқу процесін тиімді әрі ыңғайлы ұйымдастыруда, оқушылардың тиісті білім көлемін қаншалықты меңгеруін анықтау жолдарын, әдіс-тәсілдерін меңгерді. Егер Classroom, Google - диск, WhatsApp желілеріне жүктелген жазба жұмыстарын мұғалім тексере алса, оқушылардың айтылым дағдыларын аталмыш желілер арқылы тексеру мүмкіншілігі қиыншылық тудыруды. Осы кезде «Tik Tok» әлеуметтік желісінде, оқушылардың айтылым дағдыларын да-

мыту үшін, түрлі челленджер жасалды. Әдебиеттік оқу сабағында өлеңдерді, мақал-мәтелдер жаттап, ертегілерді рөлдерге бөліп айтып, оқушылар бейнежазба түсіріп, желіге салды.

Заманауи білім берудің негізгі трендтерінің бірі желілік белсенділік, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және қашықтықтан шеберлік-кластар, тренингтер өткізу болып табылады. Желілік технологияларды пайдалануда тән ерекшеліктер: икемділік, ұтқырлық, технологиялылық, диалогтық және интербелсенділік, медиаағындарды қабылдауға бағдарлық болып табылады. Осының барлығы сандық құзыреттерді және ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды. Уақыт тоқта деп, артқа шегіндіретін мүмкіншілігі жоқ, ағынды судай сарқырап, күндер, айлар, жылдар мен ғасырларға ұласатын өмірдің маңызды бөлшегі. Заман өзгере келе, адам да, орта да, ғылым да өзгеріске ұшырайды. «Біз соңғыларымыз, бізден кейін бірден басқа уақыт басталады, мүлдем басқа әлем» [11] деп, дәл осылай кезінде француз ғалымы Шарль Пеге болжап айтқан екен. Расыменде ғасыр сайын заман тоқтаусыз өзгеруде.

Білім – қай кезде болмасын, адамзат баласына қажет құнды ақпарат пен технология, жаңа бастамалардың көзі. Білімге сүйене отырып, түрлі сенсациялар ғасыр сайын тоқтаусыз ашылуда. Адамзат жаңалықтарының ең үлкені – ғаламтор. Кезінде «ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың?» [12] деп Абай Құнанбаев бірінші қара сөзінде жазған екен. Бұл сұрақтың жауабы арада 2 ғасыр өтіп, шешімін тапқандай. Қазір білмегенінді Google-ден сұрасаң, білгенінді әлеуметтік желіге саласың. Аталған көмекші

құралдар қазіргі таңда барлығының жиі қолданатын, күнделікті күн тәртібінде уақыт бөлуді қажет ететін құрылғыларға айналды. Алайда, жоғарыда атап өткендей, әр нәрсенің өзіндік кемшіліктері мен зиян тұстары бар. Әлеуметтік желілер мен ғаламтор балаларға кері әсерін берері анық, бұл жағдайда ата-ана бала тәрбиесінде бірқатар қиыншылықтармен бетпе-бет келеді. Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы [13] демекші, балаларға тек білім беріп қана қоймай, тәрбиеге де көңіл бөлуді ұмытпау керек. Бұл кезекте ата-аналарға ультра заманауи бала [14] тәрбиесі жөнінде жазылған Алла Исаковна Барканның кітабі көмек болады. Саналы, ой-өрісі жүйрік, адамгершілігі мол жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-ананың, мұғалімнің атқаратын маңызы зор, себебі бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашақ [15].

Z ұрпағы – инновация және идеялар ұрпағы [16]. Бұл балалар техниканың қырсырын меңгерген, ультра заманауи, интернет әлемін толықтай бағындыра алатын жасөспірімдер мен балалар. Қазіргі жастармен жұмыс жасауды ескеретін оқыту әдістері мен әдістемелер және цифрландырылған визуалды және аудио ақпараттың көлемі айтарлықтай ерекшеленеді, себебі оқу материалының немесе білім беру веб-сайтының визуалды, мультимедиялық компоненттері олардың игеруін едәуір арттырады және оқушылардың ынтасын күшейтеді [17]. Цифрлық технологиялар және әлеуметтік желілер оқу тапсырмаларын оқу орнында ғана емес, үйде де өз бетінше меңгеруге мүмкіндіктер бере отырып, білім алушы тұлғасының қажеттіліктерін қанағаттандырып, әлеуметтік желінің белсенді тұтынушылары ғана емес, сонымен қатар жаңа ресурстарды жасаушыларға айналдыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Словарь SEO терминов [Электрондық ресурс]: URL: https://seo.slovaronline.com/301-социальная_сеть (өтінім берілген күні: 01.01.2022).

[2] Джусубалиева Д.М. Современное образование: проблемы и пути их решения // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2019. – № 4(64). – С.7-11.

[3] Бекзат Момынова. X-Y-Z ұрпақтар теориясы: Z буын өкілдерін оқыту мәселесі: Білім ал ақпараттық агенттігі. – 29.01.2020 [Электрондық ресурс]: URL: <https://bilim-all.kz/article/11379-X-Y-Z---urpaqtar-teoryasy--Z---buynokilderin-oqytu-maselesi> (өтінім берілген күні: 14.12.2021).

[4] Z ұрпақ және цифрлы болашақ: Интернет психологиясы. Қазақстанның ашық университеті [Электрондық ресурс]: URL: https://openu.kz/storage/lessons/1883/internet-psihtologiyasy_24_lecture.pdf (өтінім берілген күні: 14.01.2022).

[5] Смартфон: Энциклопедический словарь. - 2009 [Электрондық ресурс]: URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/es/88702/СМАРТФОН> (өтінім берілген күні: 04.01.2022).

[6] Страничка психолога для студента: Социальные сети: польза и вред [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.samgups.ru/education/studentam/stranichka-psikhologa/sotsialnye-seti-polza-i-vred/> (өтінім берілген күні: 28.12.2021).

[7] Тикток – что это такое: определение, значение, перевод. – 01.01.2021 [Электрондық ресурс]: URL: <https://gadget-house.ru/tik-tok-chto-eto-takoe-opredelenie-znachenie-perevod> (өтінім берілген күні: 29.12.2021).

[8] Аз уақытта танымал болған TikTok қандай әлеуметтік желі?: Жастар порталы [Электрондық ресурс]: URL: <https://massaget.kz/layfstayl/tehno/58264/> (өтінім берілген күні: 20.12.2021).

[9] Тик Ток желісі қаншалықты зиян?: Караван медиа порталы [Электрондық ресурс]: URL: <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/podcast-tik-tok-zhelisi-qanshalyqty-ziyan-263200/> (өтінім берілген күні: 19.12.2021).

[10] Roderick R. How Teachers and Students Are Using TikTok in the Classroom: Learning liftoff. – 11.02.2020 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.learningliftoff.com/tiktok-in-the-classroom/> (өтінім берілген күні: 02.01.2022).

[11] Цитаты Шарль Пеги: Журнал ВВФ [Электрондық ресурс]: URL: <https://bbf.ru/quotes/?author=43233> (өтінім берілген күні: 03.01.2022).

[12] Абай. Қара сөздер. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020 – 224 б.

[13] Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы: Шалқар радиосы [Электрондық ресурс]: URL: <https://qazradio.fm/shalqarfм/kz/news/8102/> (өтінім берілген күні: 04.01.2022).

[14] Баркан А.И. Ультра-современный ребенок. – ЛитРес, 2014. – 770 с. [Электрондық ресурс]: URL: <https://bookshake.net/b/ultrasovremennyu-rebenok-alla-isaakovna-barkan> (өтінім берілген күні: 22.12.2021).

[15] Мухамеджан К.А. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашақ /Білім айнасы. – 16.11.2017 [Электрондық ресурс]: URL: <https://bilimainasy.kz/бүгінгі-ұрпақ-ертеңгі-болашақ/> (өтінім берілген күні: 28.12.2021).

[16] Z балалары: инновациялар және идеялар ұрпағы: Жаңа ұрпақ мектебі [Электрондық ресурс]: URL: <https://ngs-school.kz/kz/articles/children-z> (өтінім берілген күні: 12.12.2021).

[17] Нурғалиева Г.К., Артыкбаева Е.В. Методология и технология электронного обучения. – Алматы, 2010. – 200 с.

References

[1] Slovar' SEO terminov [Elektronnyk resurs]: URL: https://seo.slovaronline.com/301-social'naya_set (otininim berilgen kuni: 01.01.2022).

[2] Dzhusubalieva D.M. Sovremennoe obrazovanie: problemy i puti ih resheniya // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2019. – № 4(64). – S.7-11.

[3] Bekzat Momynova. X-Y-Z urpaqtar teoriyasy: Z buyn okilderin okytu maselesi: Bilim al akparattyk agenttigi. – 29.01.2020 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://bilim-all.kz/article/11379-X-Y-Z---urpaqtar-teoryasy--Z---buynokilderin-oqytu-maselesi> (otininim berilgen kuni: 14.12.2021).

[4] Z urpak zhane cifrly bolashak: Internet psihologiyasy. Kazakstannyn ashyk universiteti [Elektronnyk resurs]: URL: https://openu.kz/storage/lessons/1883/internet-psihtologiyasy_24_lecture.pdf (otininim berilgen kuni: 14.01.2022).

[5] Smartfon: Enciklopedicheskij slovar'. – 2009 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/es/88702/SMARTFON> (otininim berilgen kuni: 04.01.2022).

- [6] Stranichka psihologa dlya studenta: Social'nye seti: pol'za i vred [Elektronnyk resurs]: URL: <https://www.samgups.ru/education/studentam/stranichka-psihologa/sotsialnye-seti-polza-i-vred/> (otinin berilgen kuni: 28.12.2021).
- [7] Tiktok – chto eto takoe: opredelenie, znachenie, perevod. – 01.01.2021 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://gadget-house.ru/tik-tok-chto-eto-takoe-opredelenie-znachenie-perevod> (otinin berilgen kuni: 29.12.2021).
- [8] Az uakytta tanyamal bolgan Tik Tok kandaj aleumettik zheli?: Zhastar portaly [Elektronnyk resurs]: URL: <https://massaget.kz/layfstayl/tehno/58264/> (otinin berilgen kuni: 20.12.2021).
- [9] Tik Tok zhelisi kanshalykty ziyany?: Karavan media portaly [Elektronnyk resurs]: URL: <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/podcast-tik-tok-zhelisi-qanshalyqty-ziyan-263200/> (otinin berilgen kuni: 19.12.2021).
- [10] Roderick R. How Teachers and Students Are Using TikTok in the Classroom: Learning liftoff. – 11.02.2020 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://www.learningliftoff.com/tiktok-in-the-classroom/> (otinin berilgen kuni: 02.01.2022).
- [11] Citaty Sharl' Pegi: Zhurnal BBF [Elektronnyk resurs]: URL: <https://bbf.ru/quotes/?author=43233> (otinin berilgen kuni: 03.01.2022).
- [12] Abaj. Kara sozder. – Almaty: Almatykitap baspasy, 2020 – 224 b.
- [13] Tarbiesiz berilgen bilim – adamzattyn kas zhauy: Shalkar radiosy [Elektronnyk resurs]: URL: <https://qazradio.fm/shalqarfim/kz/news/8102/> (otinin berilgen kuni: 04.01.2022).
- [14] Barkan A.I. Ul'tra-sovremennyj rebenok. – LitRes, 2014. – 770 s. [Elektronnyk resurs]: URL: <https://bookshake.net/b/ultrasovremenny-rebenok-alla-isaakovna-barkan> (otinin berilgen kuni: 22.12.2021).
- [15] Muhamedzhan K.A. Bugini urpaq – ertengi bolashak / Bilim ajnasy. – 16.11.2017 [Elektronnyk resurs]: URL: <https://bilimainasy.kz/bygingi-urpaq-ertengi-bolashak/> (otinin berilgen kuni: 28.12.2021).
- [16] Z balalary: innovaciyaalar zhane ideyalar urpagy: Zhana urpaq mektebi [Elektronnyk resurs]: URL: <https://ngs-school.kz/kz/articles/children-z> (otinin berilgen kuni: 12.12.2021).
- [17] Nurgalieva G.K., Artykbaeva E.V. Metodologiya i tekhnologiya elektronogo obucheniya. – Almaty, 2010. – 200 s.

Эффективное использование возможностей социальных сетей в воспитании и обучении поколений Z

А.М. Бейсенбаева¹, А. Жумаадан¹

*¹Карагандинский университет имени Академика Е.А.Букетова
(Караганда, Казахстан)*

Аннотация

Статья посвящена определению роли цифровых технологий и социальных сетей в педагогическом процессе и рассмотрению путей обновления современных методов воспитания и обучения ребенка. Дана сравнительная характеристика представителей поколения Z. Показаны возможности, преимущества и недостатки социальной сети «Tik Tok», позволяющей организовать учебно-воспитательный процесс с учетом специфических особенностей поколения Z. Составлена анкета для учащихся начальной школы, родителей и учителей. Проанализированы результаты проведенного опроса, предложены пути эффективного использования возможностей сети «Tik Tok» в учебно-воспитательном процессе и составлена аналитическая таблица о преимуществах и недостатках цифровых устройств и социальных сетей. Дана ссылка на литературу, полезная родителям в воспитании детей - поколения Z. Авторы предприняли попытку сделать содержательные выводы относительно цифровых компетенций и информационной культуры.

Ключевые слова: поколение Z; особенности поколений; социальная сеть; социальная сеть “Tik Tok”; возможности социальной сети; цифровые технологии.

**Effective use of social media opportunities in the education and training
of generation Z***A.M.Beisenbayeva¹, A.Zhumaadan¹**¹Academician E.A.Buketov Karaganda University
(Karaganda, Kazakhstan)**Abstract*

The article is devoted to determining the role of digital technologies and social networks in the pedagogical process and considering ways to update modern methods of upbringing and teaching a child. A comparative characteristic of representatives of generation Z is given. The possibilities and advantages and disadvantages of the social network “Tik Tok” are shown, which allows organizing the educational process taking into account the specific features of generation Z. A questionnaire has been compiled for elementary school students, parents and teachers. The results of the survey are analyzed, ways of effectively using the capabilities of the “Tik Tok” network in the educational process are proposed, and an analytical table on the advantages and disadvantages of digital devices and social networks is compiled. A reference is given to literature useful to parents in raising children of generation Z. The authors attempted to draw meaningful conclusions about digital competencies and information culture.

Keywords: generation Z; features of generations; social network; social network “Tik Tok”; social network capabilities; digital technologies.

*Редакцияға 05.03.2022 қабылданды**МРНТИ 14.25.07**<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.13>**С.Т. ИСАЛИЕВА*¹, Г.А. АБАЕВА¹, Б.О. ЖАНКУШКОВ¹, Д.Р. РАШИДИНОВ²**Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
ТОО «ZERONE» (Алматы, Казахстан), salia72@mail.ru*, abaeva70@bk.ru,
Zhannur_bauyrzhan_2012@mail.ru, gj.damir.dmr88@gmail.com***ВИРТУАЛЬНАЯ ЛАБОРАТОРИЯ: ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ***Аннотация*

В статье рассматриваются психолого-педагогические условия деятельности виртуальной лаборатории социально-гуманитарного направления. Авторами предпринята попытка анализа существующих цифровых платформ и ресурсов, различных подходов к пониманию виртуальной лаборатории, ее методического обеспечения, организации консультационной помощи и тьюторского сопровождения пользователей, самостоятельной и групповой работы обучающихся и др. В своем исследовании они опирались на одну из основных задач - теоретическое обоснование и разработка структурной модели психолого-педагогической виртуальной лаборатории с дальнейшей практической апробацией и реализацией. Как известно, психолого-педагогические условия являются одним из типов педагогических условий, под которым в общем смысле подразумевается процесс развития личности, в узком смысле – совокупность внешних обстоятельств с внутренним единством явлений. Исследование проводится в рамках проекта «Проектирование виртуальной лаборатории в рамках развивающей образовательной среды» и финансируется Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая (договор № 3 от 11.02.2022 г.).

Ключевые слова: образовательная среда вуза; виртуальная лаборатория; проектирование образовательной среды; интернет-ресурсы; цифровые образовательные технологии.